

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық уни- верситеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің бас инженері	ЛН 249-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 7 беттің 1 беті
---	---	---

Бекітемін
«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды
техникалық университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы – Ректор
_____ С.С. Сагинтаева
«__» _____ 2024 ж.

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ

ШАРУАШЫЛЫҚ БӨЛІМІНІҢ БАС ИНЖЕНЕРІ

ЛН 249-2024

Әзірлеген: ӘЗД директоры
М.М. Кожухова _____

Дана № _____

Көшірме № _____

Қарағанды

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық уни- верситеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің бас инженері	ЛН 249-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 7 беттің 1 беті
---	---	---

1 Қолдану саласы

Осы лауазымдық нұсқаулық «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ) сапа менеджменті жүйесіндегі шаруашылық бөлімі (ШБ) бас инженерінің лауазымдық міндеттерін, құқықтарын, жауапкершілігін және басқа да персоналмен өзара қарым-қатынасын айқындайды.

2 Жалпы қағидалар

2.1 Бас инженер әкімшілік - көмекші қызмет көрсету персоналы санатына жатады.

2.2 Әкімші лауазымына тағайындау және одан босату (ДИ директорының ұсынысы бойынша) «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы - Ректорының бұйрығымен жүзеге асырылады.

2.3 Бас инженер ШБ бөлімі бастығына тікелей бағынады.

2.4 Бас инженерге: прораб, энергетик, аумақтарды абаттандыру қызметінің басшысы, инженер - сметашы, байланыс инженері бағынады.

2.5 Бас инженер орнында болмаған кезде (іссапар, демалыс, ауру, т.б.) оның міндеттерін белгіленген тәртіппен тағайындалған адам орындайды. Ол тиісті құқықтарға ие болады және өзіне жүктелген міндеттерді тиісінше орындауға жауапты болады.

2.6 Бас инженер өз қызметінде Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - ҚР) қолданыстағы заңнамалық актілерін, ҚР Үкіметінің нормативтік актілерін, ҚР Ғылым және жоғары білім Министрлігінің бұйрықтары мен нұсқауларын, «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Жарғысын және ШБ туралы ережені, ИСО 9000 сериясының халықаралық стандарттарын, «Сапа жөніндегі басшылықты», ұйымның стандарттарын және сапа менеджменті жүйесінің басқа да құжаттарын (бұдан әрі - СМЖ), «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы – Ректорының бұйрықтары мен өкімдерін, ішкі тәртіп қағидаларын және осы нұсқаулықты басшылыққа алады.

3 Сипаттама

3.1 Біліктілікке қойылатын талаптар: бас инженер лауазымына жоғары инженерлік білімі және басшы лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар адам тағайындалады.

3.2 Бас инженер:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын;

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық уни- верситеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің бас инженері	ЛН 249-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 7 беттің 1 беті
---	---	---

-Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және білім беруді басқару органдарының білім беру мәселелері жөніндегі қаулылары мен шешімдерін;

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі басқа да нормативтік құқықтық актілерді;

- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ ішкі тәртіп ережесін;

- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Жарғысын;

- сапа саласындағы «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ саясаты мен мақсаттарын;

- әкімшілік-шаруашылық қызмет көрсетуге қатысты ҚР заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерін;

- ұйымның құрылымын және оның даму перспективаларын;

- табельдік есепке алуды жүргізу тәртібін;

-еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасын және өрттен қорғану ережелері мен нормаларын білуі керек.

3.3 Лауазымдық міндеттері

Бас инженер:

- ШБ-не кіретін барлық қызметтердің (жөндеу-құрылыс, энергетикалық, санитарлық-техникалық, еңбек қорғау және өрт қауіпсіздігі, гараж) жұмысына жедел басшылық пен бақылауды қамтамасыз етеді;

- қауіпсіздік техникасының талаптарына сәйкес ғимараттарды пайдалануға жарамды күйде сақтау және күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

- еңбек қорғаудың санитариялық-техникалық және мемлекеттік инспекциялары органдарының нұсқамаларын орындау жөніндегі жұмыстарға басшылықты жүзеге асырады;

- күрделі және жай жөндеулерді жоспарлауды ұйымдастырады;

- оқу корпустарын, жатақханаларды және басқа да объектілерді күрделі және жай жөндеуге қаражат пен материалдарды дұрыс бөлуді қамтамасыз етеді;

- жөндеу кестелерінің орындалуын бақылайды;

- мердігерлерді қажетті жағдайлармен уақтылы қамтамасыз етеді (материалдарды сақтау орны, жұмысшыларға киім ауыстыруға арналған орындар және т. б.);

- күрделі және жай жөндеулерді ұйымдастыру және жүргізу кезінде тапсырыс берушінің барлық функцияларын орындайды;

- күрделі жөндеуге арналған титулдық тізімдерге, мердігерлік шарттарға, орындалған жұмыстар актілеріне қол қояды және барлық функцияларды орындайды;

- күрделі жөндеуге жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық уни- верситеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің бас инженері	ЛН 249-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 7 беттің 1 беті
---	---	---

тапсырыстарды ұйымдастыруды, олардың сапасы мен уақтылы орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді;

- жай жөндеу үшін ақау ведомостарын бекітеді;
- күрделі және жай жөндеу бойынша нақты орындалған жұмыс көлемінің тиісті есебін ұйымдастыруды және актілерде көрсетілген көлемдердің сәйкестігін жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- жөндеуге арналған құрылыс материалдарының ұтымды жұмсалуды бақылайды;
- қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік әдеп қағидаларын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;
- мүдделер қақтығысын болдырмау немесе реттеу туралы шектеулерді, тыйымдар мен талаптарды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды және өзге де шектеулерді сақтайды;
- 15 қыркүйекке дейін декларацияны (өзіне және жұбайына (зайыбына) бере отырып, қызметкерлердің декларациялау рәсімінен уақтылы өтуін бақылайды;
- университеттің барлық ғимараттарында электр және сантехникалық жүйелердің жұмысына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- автомобильдер мен басқа да механизмдерді жоспарлы-алдын ала жөндеу және техникалық қызмет көрсету кестесін бекітеді;
- жұмыстарды орындау үшін машиналар мен механизмдерді объектілерге таратады;
- ШБ күштерімен және құралдарымен апатты уақтылы және сапалы жоюды қамтамасыз етеді;
- университеттің материалдық-техникалық базасын дамыту және нығайту жоспарларын әзірлеуге қатысады;
- ШБ басшылығына ШБ қызметкерлері мен қызмет көрсетуші персоналын көтермелеу және әкімшілік жазалау туралы ұсыныстар ұсынады;
- инженерлік топтың жұмысына басшылық жасайды (сметашы, күрделі жөндеу жөніндегі инженер);
- ШБ қызметкерлері үшін еңбекті қорғау жөніндегі барлық нұсқаулықтарды келіседі;

3.4 Құқықтары:

- өзіне бағынысты қызметкерлерге оның функционалдық міндеттеріне кіретін мәселелер бойынша тапсырыстар мен тапсырмалар беру;
- университет Басқарма Төрағасы - Ректорының және құрылымдық бөлімшелер басшыларының қарауына ШБ жұмысының қызметін жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізу;
- ШБ қызметіне байланысты құжаттарға қол қою және бұрыштама қою.

3.5 Жауапкершілігі:

- өзіне жүктелген міндеттерді сапалы және уақтылы орындауға жауапты;
- осы лауазымдық нұсқаулықта көзделген өз лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны немесе мүлде орындамағаны үшін-Қазақстан

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық уни- верситеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің бас инженері	ЛН 249-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 7 беттің 1 беті
---	---	---

Республикасының қолданыстағы Еңбек кодексінде айқындалған шектерде;

- өз қызметін жүзеге асыру процесінде жасалған құқық бұзушылықтар, оның ішінде сыбайлас жемқорлық үшін,

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамасында айқындалған шектерде;

- материалдық залал келтіргені үшін-Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек және азаматтық заңнамасында айқындалған шектерде.

- өз қызметін жүзеге асыру процесінде жасалған құқық бұзушылықтар үшін;

- университеттің барлық бөлімшелерінің өртке қарсы жағдайы үшін толық жауапкершілік;

- Еңбекті қорғау және Еңбек қауіпсіздігі техникасы ережелерін сақтауға, ішкі еңбек тәртібінің ережелерін сақтауға толық жауапкершілік көтереді.

3.6 Қарым-қатынас

Жұмыс барысында бас инженер барлық құрылымдық бөлімшелермен, факультеттермен, кафедралармен қызметтік қарым-қатынаста болады.

4 Құжатқа өзгерістер енгізу

Осы ЛН-қа өзгерістер мынадай жағдайларда енгізіледі:

- функциялар мен лауазымдық міндеттерді қайта бөлгенде;
- қайта құру немесе қысқарту кезінде;
- ұйымның атауы өзгергенде немесе лауазымның атауы өзгергенде.

5 Келісу және қолданысқа енгізу

Лауазымдық нұсқаулық:

- инфрақұрылымды дамыту жөніндегі директормен;
- Заң бөлімінің бастығымен;
- ПОҚ және қызметкерлер кәсіподақ комитетінің төрағасымен келісіледі.

6 Сақтау

Лауазымдық нұсқаулық «Танысу парағында» (Б қосымшасы) лауазымдық нұсқаулықтың түпнұсқасында және көшірмесінде қол қойылып, қызметкердің назарына жеткізіледі. Танысу туралы қолы қойылған бекітілген нұсқаулықтың есепке алынған данасы ШБ беріледі, ал түпнұсқасы әкімшілік-заңгерлік департаментінің кадр бөлімінде (ӨЗД-де) сақталады.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық уни- верситеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің бас инженері	ЛН 249-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 7 беттің 1 беті
---	---	---

А Қосымшасы
(міндетті)

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық уни- верситеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің бас инженері	ЛН 249-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 7 беттің 1 беті
---	---	---

Б Қосымшасы
(міндетті)

Φ.02-2024

Танысу парағы

[illegible]

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады